

Қайырымдылық көмек көрсету туралы шарт жасасуға арналған жария оферта

Осы оферта <https://korkyt.edu.kz/ru/page/129> ресми сайтында (бұдан әрі – Сайт) орналастырылған және жеке тұлғаларға, ұйымдарға, заңды тұлғаларға, сондай-ақ азаматтық құқықтың өзге де субъектілеріне арналған әрі Қорқыт ата атындағы «Korkyt ata endowment» корпоративтік қорының (бұдан әрі – Қор), Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А мекенжайында орналасқан, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Базарханова Маржан Бекзатханқызының атынан төменде көрсетілген шарттар бойынша қайырымдылық көмек көрсету туралы шарт жасасу жөніндегі ресми жария ұсынысы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес, осы жария офертаның шарттарын толық әрі сөзсіз қабылдау (акцепт) деп жеке немесе заңды тұлғаның Қордың шотына осы жария офертаға сәйкес және оның негізінде кез келген ақша сомасын (теңге түрінде) қайырымдылық көмек ретінде аударуы танылады (бұдан әрі – Ұсыныс).

Қор Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы №402-V «Қайырымдылық туралы» Заңына, 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142-II «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ 2021 жылғы 17 наурыздағы Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітілген Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес әрекет ететін, қор нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады және өз жарғылық қызметін жүзеге асыру мақсатында қайырымдылық және демеушілік көмекті қабылдауға қажетті құқықтарға ие.

Осы Ұсыныста қолданылатын ұғымдар:

- **Қайырымдылық жасаушы** – осы Ұсынысты акцепттеу және Қор пайдасына қайырымдылық көмек көрсету туралы өз еркімен, үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынбаған өз қаражаты есебінен шешім қабылдаған жеке немесе заңды тұлға, ұйым, азаматтық құқық субъектісі;
- **Қайырымдылық көмек** – Қайырымдылық жасаушы осы Ұсынысқа сәйкес және оның негізінде Қор пайдасына аударған кез келген ақша сомасы;
- **Банк шоты** – Қайырымдылық жасаушы Қор пайдасына қайырымдылық көмек көрсету кезінде пайдалануға тиіс, осы Ұсыныстың 3.1-тармағында көрсетілген Қордың есеп айырысу банк шоты.

1. Қордың қызметі

1.1. Қордың Жарғыға сәйкес қызметінің мәні мен мақсаттары:

1.2. Қор Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ өзінің Жарғысына сәйкес құрылған және қызметін жүзеге асырады.

1.3. Қор Жарғыда айқындалған мақсаттарды жүзеге асыру үшін құрылған, әлеуметтік салада қызмет атқаратын коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қордың мүлкі ерікті қайырымдылықтар, қайырымдылық жарналар, заңнамада рұқсат етілген қызметтен алынатын кірістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер есебінен қалыптастырылады.

1.4. Қор қызметінен түсетін барлық кірістер Жарғыда белгіленген мақсаттарға, атап айтқанда білім беру, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге, жастар саясатын және жастар бастамаларын қолдауға, университеттің материалдық-техникалық базасын дамытуға жәрдемдесуге, оның ішінде аумақты абаттандыруға, кітапхана қорын жаңартуға, үй-жайларды қайта жаңғыртуға және жөндеуге, білім алушыларға арналған атаулы гранттар мен стипендиялар тағайындауға, қайырымдылық қызметке қатысуға, қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге немесе оларды өткізуге жәрдем көрсетуге, сондай-ақ университет білім алушыларына өзге де материалдық қолдау көрсетуге бағытталады.

1.5. Қордың мақсаты – «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшелерінің білім беру, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік, мәдени, қайырымдылық және инновациялық қызметін қаржыландыру үшін қаражат тарту, сондай-ақ университеттің дамуы мен ілгерілеуіне ықпал ететін қаржылық және өзге де қайырымдылық көмек көрсету.

2. Ұсыныстың мәні

2.1. Қайырымдылық жасаушы үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынбаған ақша қаражатын Қордың банк шотына осы Ұсыныстың 3-бөлімінде көрсетілген деректемелер бойынша аудару арқылы Қордың меншігіне өтеусіз түрде береді, ал Қор алынған қаражатты Жарғыда көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге қатаң сәйкес пайдалануға міндеттенеді.

2.2. Қайырымдылық көмек Қордың банк шотына ақша қаражаты түскен сәттен бастап көрсетілген болып есептеледі, ал Қордың міндеттемелері қайырымдылық көмекті Жарғыда көзделген мақсаттарда толық игеру сәтінде орындалды деп танылады.

3. Қайырымдылық көмек көрсету тәртібі мен шарттары

3.1. Қайырымдылық жасаушы қайырымдылық көмекті тек теңге түрінде Қордың төменде көрсетілген банк шоттарына аударады:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

БИК: HSBKKZKX

БИН/ИИН: 211140015874

ИИК: KZ17601A201000285001 (KZT)

КБе: 18

«Kaspi Bank» АҚ

БИК: CASPKZKA

БИН/ИИН: 211140015874

ИИК: KZ73722S000034998941

КБе: 18

3.2. Төлем тағайындауында Қайырымдылық жасаушы «Қайырымдылық көмек көрсету туралы шарт бойынша қайырымдылық көмекті аудару» деп көрсетеді.

3.3. Қайырымдылық жасаушының Қордың банк шотына қайырымдылық көмек аударуы осы Ұсынысты акцепттеу болып табылады.

3.4. Ақша қаражаты Қорға оның банк шотына есептелген сәттен бастап берілді деп есептеледі.

4. Дауларды шешу тәртібі

4.1. Осы Ұсыныс мәтінінде көрініс таппаған мәселелер бойынша Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу немесе хаттар/шағымдар жолдау арқылы шешіледі.

4.2. Келіссөздер барысында даулар реттелмеген жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Шарт Қайырымдылық жасаушының қайырымдылық көмегі Қордың банк шотына түскен сәттен бастап жасалды деп есептеледі (осы Ұсыныстың акцепті).

5.2. Қайырымдылық жасаушы Қордың банк шотына аударылған қайырымдылық көмекті қайтаруды талап етуге құқылы емес.

5.3. Қор кез келген уақытта себептерін түсіндірмей-ақ қайырымдылық көмекті қабылдаудан бас тартуға және алынған ақша қаражатын Қайырымдылық жасаушыға қайтаруға құқылы.

5.4. Осы Ұсыныста көзделмеген барлық өзге мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

6. Қордың деректемелері

«Korkyt ata endowment» корпоративтік қоры

БИН: 211140015874

Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А

БИК: HSBKKZKX

ИИК: KZ17601A201000285001 (KZT)

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ



Директор:

Базарханова М.Б.